

«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы

Қамқоршылық кеңес құжаттары



Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай –
бақшасының меңгерушісі:

И.Беркінбаева

**«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы бойынша Қамқоршылық кеңестің
2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Қ/с	Атқарылатын іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Бөбекжай – бақшада Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын бекіту. ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын» басшылыққа алу Қамқоршылық кеңес отырысын өткізу	Тамыз	Меңгеруші Кеңес мүшелері
2	Бөбекжай – бақша педагогтарымен бірлесе отырып, толық емес отбасы, сәтсіз отбасы, көпбалалы отбасы және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерді анықтау	Қыркүйек	Психолог Топ тәрбиешілері
3	Бөбекжай – бақшада тәрбиеленушілердің нормалық талапқа сай дұрыс тамақтануын ұйымдастыру және бақылауға алу. Бөбекжай – бақша ғимаратының қысқа дайындығын тексеру	Қазан	Меңгеруші Медбике Кеңес мүшелері
4	Ұжыммен ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы және «Неке және отбасы» заңын талқылау	Қараша	Психолог Кеңес мүшелері
5	Жартылай жетім балаларға Жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Меңгеруші Психолог Кеңес мүшелері
6	Ашық есік күндеріне қатысу	Жоспарға сай	Кеңес мүшелері
7	Балабақшаға келмейтін балалардың ата – аналарымен кездесу өткізу	Ақпан	Психолог Кеңес мүшелері Тәрбиешілер
8	Наурыз мейрамына іс – шаралар ұйымдастыру. Жетістіктері үшін мекеме қызметкерлерін марапатқа ұсыну	Наурыз	Педагогтар Кеңес мүшелері

9	«Қамқорлық» акциясын өткізу	Сәуір	Психолог Кеңес мүшелері
10	Атқарылған жұмыс нәтижесін қарау және талдау Қамқоршылық кеңес отырысы	Мамыр	Меңгеруші Кеңес мүшелері
11	1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне мерекелік іс – шара өткізу	Маусым	Бақша педагогтары
12	Балаларға мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру	Маусым	Кеңес мүшелері Ата – аналар комитетінің мүшелері

Психолог: *А.Мақұлбекова* А.Мақұлбекова

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Қарлығаш» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында
2022 жылдың 24 мамыры күні кезектен тыс өткізілген ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1**

Қатысуға тиіс: мекеме басшылары, ата – аналар

Қатысқаны: мекеме басшылары, ата – аналар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы»
ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы №355 бұйрығын негізге ала отырып, балабақшаішілік
қамқоршылық кеңесін құру туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі И.Беркінбаева хабарлама жасады. Ол
«Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР
Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы №355 бұйрығымен таныстырып, сол бұйрықтың негізінде
балабақшаішілік «Қамқоршылық» кеңесінің құрамын қайта құру керектігін атап өтті. Қамқоршылық
кеңес қызметіне тоқтала келіп, қамқоршылық кеңес құрамын құру туралы өз ойларын ортаға салуын
ұсынды.

Келесі сөз кезегін ата – аналар комитетінің төрайымы С.Бабанова алып, өз ұсынысын айтты. Бұл
ұсыныс жиынға қатысушылар тарапынан да қолдау тапты. Өз өтініштері негізінде кеңес құрамы
төмендегідей болды:

1. Кеңес төрайымы – Сүлейменова Айжамал Сайдариповна, Панфилов отындағы жом психологы
2. Кеңес төрайымының орынбасары – Қалдыбекұлы Тұрар, Қаратау ауылдық округі әкімдігінің іс басқарушысы
3. Кеңес хатшысы – Турманова Гүлдана Асқарбекқызы, ата - ана Кеңес мүшелері:
4. Омар Ғани Іргебайұлы – кәсіпкер
5. Жаманова Айгерим Танирбергеновна – ауылдық аурухана медбикесі
6. Керімбаев Әділ Әмірбекұлы – мұғалім
7. Карабекова Кульсин Казбековна – зейнеткер
8. Жоламанов Мажит Сағындықұлы – ата – ана
9. Тулепбергенов Алижан Бекбауович – бұрғылаушы, ата – ана

Бөбекжай – балабақша меңгерушісі И.Беркінбаева сөз алып, қамқоршылық кеңесінің атқаратын жұмысына тоқталды. Оның ішінде кеңестің мақсат – міндеттері, бағыттары және атқаратын қызметтерімен кеңес мүшелерін таныстырып өтті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қамқоршылық кеңес құрамын төмендегідей құрамда бекіту Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Н.Айдаровтан сұралсын.


1. Кеңес төрайымы – Сүлейменова Айжамал Сайдариповна, Панфилов отындағы жом психологы
2. Кеңес төрайымының орынбасары – Қалдыбекұлы Тұрар, Қаратау ауылдық округі әкімдігінің іс басқарушысы
3. Кеңес хатшысы – Турманова Гүлдана Асқарбекқызы, ата - ана Кеңес мүшелері:
4. Омар Ғани Іргебайұлы – кәсіпкер
5. Жаманова Айгерим Танирбергеновна – ауылдық аурухана медбикесі
6. Керімбаев Әділ Әмірбекұлы – мұғалім
7. Карабекова Кульсин Казбековна – зейнеткер
8. Жоламанов Мажит Сағындықұлы – ата – ана
9. Тулепбергенов Алижан Бекбауович – бұрғылаушы, ата – ана

Менгеруші:



И.Беркінбаева

Хатшы:



А.Мақұлбекова

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

04 қыркүйек 2023 жыл

Қатысуға тиіс: мекеме басшылары, кеңес мүшелері

Қатысқаны: мекеме басшылары, кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңес қызметінің жылдық жоспарын бекіту.
2. Толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы, сәтсіз отбасы және көпбалалы отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерді анықтау

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші И.Беркінбаева:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі И.Беркінбаева хабарлама жасады. Бөбекжай – бақшада Қамқоршылық кеңес мүшелері жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын айтты. Жаңа оқу жылында шығармашылық табыс тілеп, бірлікпен жемісті жұмыс жасауға шақырды.

Бөбекжай – бақша педагог – психологы А.Мақұлбекова:

2023 – 2024 оқу жылында кеңестің жүргізетін жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Алдағы уақытта кеңес мүшелері бақшада өткізілетін ашық есік күндеріне қатысып, өз ой – пікірлерін ортаға салуларын сұрады.

Сондай – ақ, ағымдағы оқу жылында бақша тәрбиеленушілері жайлы мәлімет жасалды. Барлық тәрбиеленушілер саны – 75.

Кіші топ (2 жастағы балалар) – 20

Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – 20

Ересек топ (4 жастағы балалар) – 20

МАД тобы (5 жастағы балалар) – 15

Осы балалардың ішінде көпбалалы отбасынан шаққан балалар – 45

Толық емес отбасынан шыққан балалар (жартылай жетім) – 3, оның екеуі көпбалалы отбасынан шыққан.

Кеңес төрайымы А.Сүлейменова:

Осы көпбалалы отбасынан шыққан балаларға мерекелік сыйлықтар жасауға келісетінін айта отырып, толық емес отбасынан шыққан балаларды балабақшада тегін тамақпен қамтамасыз ету жолдарын қарастырып, оларға көмек көрсету қажет деп өз ұсынысын білдірді. Кеңес мүшелері бұл ұсынысты қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы бойынша қамқоршылық кеңестің 2023 – 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Бөбекжай – бақшадағы толық емес отбасынан шыққан балалар тізімі жасалып, тегін тамақпен қамтамасыз етуге ұсынылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Сүлейменова

Хатшы:



Г.Турманова

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжай –
бақшасының меңгерушісі:



И.Беркінбаева

**«Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы бойынша Қамқоршылық кеңестің
2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Қ/с	Атқарылатын іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Бөбекжай – бақшада Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын құру, бекітуге ұсыну.	Тамыз	Меңгеруші Кеңес мүшелері
2	Бөбекжай – бақша педагогтарымен бірлесе отырып, толық емес отбасы, сәтсіз отбасы, көпбалалы отбасы, және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерді анықтау	Қыркүйек	Әдіскер Топ тәрбиешілері
3	Бөбекжай – бақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына бақылау жасау	Қараша	Меңгеруші Медбике Кеңес мүшелері
4	Жаңа жылдық мерекеге аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға сыйлық жасауды қарастыру	Желтоқсан	Меңгеруші Кеңес мүшелері
5	Ашық есік күндеріне қатысу	Жоспарға сай	Кеңес мүшелері
6	Бөбекжай – бақша аймағын көркейтуге көмек беруін қамтамасыз ету	Наурыз	Кеңес мүшелері
7	Наурыз мейрамына іс – шаралар ұйымдастыру. Жетістіктері үшін мекеме қызметкерлерін марапатқа ұсыну	Наурыз	Педагогтар Кеңес мүшелері
8	1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне мерекелік іс – шара өткізу	Маусым	Педагогтар Кеңес мүшелері
9	Қамқоршылық кеңесінің есебі	Маусым	Кеңес мүшелері

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

23 тамыз 2024 жыл

Қатысқандар: бөбекжай – бақша меңгерушісі, кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңес қызметінің жылдық жоспарын құру, бекітуге ұсыну.

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші И.Беркінбаева:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі И.Беркінбаева хабарлама жасады. Қамқоршылық кеңестің жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Бөбекжай – бақшада Қамқоршылық кеңес мүшелері жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын айтып, оқу жылына сәттілік тіледі.

Меңгеруші Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына бөбекжай – бақшада тамақтануды ұйымдастыру, бөбекжай – бақшадағы білім беру қызметінің сапасы, ашық есік күнін ұйымдастыру сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.


Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, ойларын ортаға салды. 2024 – 2025 оқу жылында 3 отырыс өткізіледі деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:


1. «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы бойынша қамқоршылық кеңесінің 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыс жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Сүлейменова

Хатшы:



Г.Турманова

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

20 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: бөбекжай – бақша меңгерушісі, кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына бақылау жасау
2. Жаңа жылдық мерекеге сай аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға сыйлық дайындау

ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике А.Караходжаевамен бірге бөбекжай – бақшадағы азық – түліктің сақталу орны мен ондағы азық – түліктің сақталуын қадағалады. Асханадағы ас дайындайтын аймақпен танысып, асхананың тазалығын, астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Бөбекжай – бақшаның қысқы ас мәзірінің 10 күндік перспективті жоспарымен танысты.

Кеңес мүшесі Жаманова Айгерім:


Балабақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінді дайындалатынын, азық – түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Балабақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын, - деді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Сүлейменова сөз алып, алдағы Жаңа жыл мерекесіне аз қамтылған отбасынан шыққан балаларды сыйлықпен қамтып, қуаныш сыйлау жайлы ойын ортаға салды. Ол ұсынысты кеңес қатысушылары қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:


1. Бөбекжай – бақшадағы тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде деп есептелсін.
2. Аз қамтылған отбасынан шыққан тәрбиеленушілер анықталып, жаңа жылдық сыйлық жасауға ұсынылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Сүлейменова

Хатшы:



Г.Турманова